

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының аумағында ауылдық округ әкімдігіне барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орынды белгілеу және таңдаушылармен кездесулер өткізу үшін үй-жай ұсыну туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 2 наурыздағы № 46 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 26 наурызда № 4615 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 11 шілдедегі № 153 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің 11.07.2019 № 153 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциалық Заңының 28-бабының 4, 6 тармақтарына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Уәлиханов аудандық сайлау комиссиясымен бірлесіп (келісім бойынша) Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының ауылдық округ әкімдігіне барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін 1-қосымшаға сәйкес орын белгіленсін.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының ауылдық округ әкімдігіне барлық кандидаттарға таңдаушылармен кездесулер өткізу үшін 2-қосымшаға сәйкес шартты негізде үй-жай ұсынылсын.

3. Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық әкімдігінің "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы аумағында шығып қалған ауылдық округ әкімінің орнына үміткерлердің таңдаушылармен кездесулерді өткізу үшін үй-жайды және басқа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы" 2014 жылғы 15 шілдедегі № 195 қаулысының (Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылғы 24 шілдедегі № 2874 болып тіркелген, 2014 жылдың 26 шілде "ҚызылТу" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімі аппаратының басшысы А.Б. Омаровқа жүктелсін.

5. Осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

М. Оспанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Уәлиханов аудандық сайлау

комиссиясының төрағасы

_____ Б. Хасенеев

02 наурыз 2018 жыл

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов
ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 02
наурыздағы №46 қаулысына 1-қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының ауылдық округ әкімдігіне барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орын

№ р/ р	Ауылдық округінің атауы	Үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары
1	Кішкенекөл	Кішкенекөл ауылы, Уәлиханов көшесі, Солтүстік Қазақстан облысы бойынша " Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" Комерциялық емес акционерлік қоғамның Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалы – "Халыққа қызмет көрсету орталығы" департаментінің Уәлиханов аудандық бөлімі ғимаратының алдындағы ақпараттық стенд.

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов
ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 02
наурыздағы №46 қаулысына 2-қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының ауылдық округ әкімдігіне барлық кандидаттардың таңдаушылармен кездесулер өткізуі үшін үй-жай

№ р/ р	Ауылдық округінің атауы	Таңдаушылармен кездесуі үшін үй-жай
1.	Кішкенекөл	"Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Орталықтандырылған кітапхана жүйесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің оқу залы, Кішкенекөл ауылы, Гагарин көшесі, 79